

«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ МИНИСТРЛІГІ  
САНИТАРИЯЛЫҚ-ЭПИДЕМИОЛОГИЯЛЫҚ  
БАҚЫЛАУ КОМИТЕТІ АЛМАТЫ  
ҚАЛАСЫНЫҢ САНИТАРИЯЛЫҚ-  
ЭПИДЕМИОЛОГИЯЛЫҚ БАҚЫЛАУ  
ДЕПАРТАМЕНТІ» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ  
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ



РЕСПУБЛИКАНСКОЕ  
ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ  
«ДЕПАРТАМЕНТ САНИТАРНО-  
ЭПИДЕМИОЛОГИЧЕСКОГО КОНТРОЛЯ  
ГОРОДА АЛМАТЫ КОМИТЕТА  
САНИТАРНО-ЭПИДЕМИОЛОГИЧЕСКОГО  
КОНТРОЛЯ МИНИСТЕРСТВА  
ЗДРАВООХРАНЕНИЯ РЕСПУБЛИКИ  
КАЗАХСТАН»

050010 Алматы қаласы, Жібек жолы д-лы,  
тел.: 8 (727) 382-35-15, факс: 8 (727) 382-35-

050010 город Алматы, пр. Жибек жолы, 5  
тел.: 8 (727) 382-35-15, факс: 8 (727) 382-35-56

**№ 66 ҚАУЛЫ**  
**23 желтоқсан 2020 ж.**

**ПОСТАНОВЛЕНИЕ № 66**  
**23 декабря 2020 г.**

**«Алматы қаласында короновирустық инфекция ауруының алдын алу жөніндегі одан арғы шаралар туралы» Алматы қаласының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің 26.10.2020 ж. № 64 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы»**

Алматы қаласының тұрғындары арасында COVID-19 короновирустық инфекциясының (бұдан әрі – COVID-19) таралуының алдын алу, сондай-ақ «Қазақстан Республикасының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің қаулыларына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің 2020 жылғы 02 қарашадағы № 62 қаулысын іске асыру мақсатында **ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:**

1. «Алматы қаласында короновирустық инфекция ауруының алдын алу жөніндегі одан арғы шаралар туралы» Алматы қаласының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің 26.10.2020ж. № 64 қаулысына келесідей өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1) 1 - тармақтың 36) тармақшасы келесідей абзацпен толықтырылсын: «мектепке дейінгі балалар мекемелерінде қосымша кезекші топтардың ашылуы тоқтатыла тұрсын»;

2) 1 - тармақтың 37) тармақшасы келесідей абзацпен толықтырылсын: «қалалық мектептерде 1-ден 5-сыныпқа дейін қосымша кезекші сыныптарды ашу тоқтатыла тұрсын»;

3) 1 - тармақтың 32) тармақшасы келесідей редакцияда жазылсын: «жұмыс күндері, демалыс және мереке күндері, толтырылуы 30% - дан аспайтын және бір келушіге 4 шаршы метрден кем емес, ҚР БМСД № 57

қаулысының талаптарын, әлеуметтік қашықтықты, бетперде режимін, күшейтілген санитариялық-дезинфекциялық режимді қатаң сақтай отырып, сауда объектілерінің (сауда-ойын-сауық орталықтары, сауда орталықтары, сауда желілері, сауда үйлері), жұмыс уақыттары сағат 23.00-ге дейін шектелсін, сонымен қатар бөлек тұрған және аталған сауда объектілерінде орналасқан азық-түлік дүкендері мен дәріханалар жұмыстарын уақытпен шектелмей жалғастырады;

- «азық-түлік және азық-түлік емес базарлардың қызметі жұмыс күндері, демалыс және мереке күндері сағат 17.00-ге дейін, толтырылуы 30% - дан аспайтын және бір келушіге 4 шаршы метрден кем емес, ҚР БМСД № 57 қаулысының талаптарын, әлеуметтік қашықтықты, бетперде режимін, күшейтілген санитарлық-дезинфекциялық режимді қатаң сақтай отырып, рұқсат етілсін;

- «үй жанындағы дүкендер мен дәріханаларға сауда залында кіре берісте бір келушіге 4 ш. м. аспайтын есеппен толтырылу нормалары, ҚР БМСД № 57 қаулысының талаптарын әлеуметтік қашықтықты, маскалық режимді, күшейтілген санитариялық-дезинфекциялық режимді сақтау қажеттігі көрсетілген маңдайшалар және әлеуметтік қашықтықты сақтау таңбалары орнатылып, сақталуы қамтамасыз етілсін;

- «отырғызатын орындары жоқ, стационарлық емес, жанаспайтын сауда объектілерінің (*авто-экспресс, донерлік және бургерлік*), сондай-ақ халыққа қызмет көрсететін объектілердің (*химиялық тазалау, киімді, аяқ киімді жөндеу және т. б.*) қызметіне рұқсат етілсін;

4) 1 - тармақтың 65) тармақшасы келесідей редакцияда жазылсын: «толтырылуы жобалық қуаттың 50% - ға дейін, бірақ залда 50 отыратын орыннан артық емес және бір столға 4 отыратын орыннан артық емес, ұжымдық іс-шаралар өткізбей, ҚР БМСД № 57 қаулысының талаптарын сақтай отырып және шоттар бойынша төлемдерді 22.00-ге дейін жабуды қамтамасыз етіп, соның ішінде сауда-ойын-сауық орталықтарында орналасқан қоғамдық тамақтандыру объектілерінің қызметіне 7.00-ден 23.00-ге дейін рұқсат»;

5) 1 - тармақтың 44) тармақшасы келесідей редакцияда жазылсын: ҚР БМСД № 57 қаулысының талаптарын сақтай отырып, мемлекеттік органдардың, ұйымдардың, кәсіпорындардың, ұлттық компаниялардың, өзге де ұйымдардың, сондай-ақ кәсіпкерлік субъектілерінің қызметіне рұқсат беріледі. Бұл ретте, технология тәртібінде жұмыс орнында болуы шарт мекемелерден басқа (құрылыс, өндіріс мекемелері), қызметкерлердің 60-80%-ы қашықтықтан жұмыс істеу тәсілі міндеттеледі (штат кестесінде 15-тен астам қызметкері болса);

6) 1 - тармақтың 25) тармақшасы келесідей редакцияда жазылсын: «ойын-сауық, спорттық іс-шараларды, көрмелерді, форумдарды, конференцияларды, сондай-ақ отбасылық, салтанатты, мерекелік, естелік іс-шараларды (банкеттер, үйлену тойлары, мерейтойлар, еске алу), сонымен қатар үйде және адамдар көп жиналатын өзге де іс-шараларды (10 адамнан астам) өткізуге тыйым салынсын, ал 25 желтоқсан мен 05 қаңтар аралығында барлық мекемелер мен ұйымдарда жаңа жылдық ойын-сауық шараларына, аниматорларды (Аяз ата, ақша-қар және басқа жаңа жылдық кейіпкерлерін) үйге шақыру бойынша агенттіктердің жұмысына тыйым салынады.

7) 1 - тармақтың 49) тармақшасы келесідей редакцияда жазылсын: «үздіксіз өндірістік циклі бар өнеркәсіп кәсіпорындарының қызметіне; ашық ауадағы құрылыс жұмыстарына ҚР БМСД № 57 қаулысының талаптарын сақтай отырып рұқсат беру; өндірістегі технологиялық процестің ерекшелігін ескере отырып, қашықтықтан жұмыс істеуге жіберілетін қызметкерлердің және кеңсе қызметкерлерінің пайызын анықтау; өнеркәсіптік, құрылыс және автокөлік кәсіпорындарының қызметкерлерін жұмысқа жеткізу және тасымалдау үшін қызметтік көлікті ұйымдастыру ұсынылсын»;

8) 52) тармақша келесідей редакцияда жазылсын: «ҚР БМСД № 57 қаулысының талаптарын сақтай отырып, жұмыс күндері сағат 10:00-ден 18.00-ге дейін және сенбі күндері сағат 10:00-ден 15:00-ге дейін жұмыс кестесін белгілей отырып, ХҚО жұмысын ұйымдастыру»; абзацпен толықтырылсын: «ҚР Ұлттық Банкі мен ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің 15.08.20 ж. № 324 және 18.09.20ж. № 361 қабылдаған бірлескен бұйрықтарына сәйкес қаржы секторы кәсіпорындарының (ЕДБ, микроқаржы ұйымдары, сақтандыру және брокерлік компаниялар, ломбардтар, айырбастау пункттері және т.б.) жұмыс режимі айқындалсын».

9) 1-тармақтың 46) тармақшасы келесідей редакцияда жазылсын: «COVID-19-ға ПТР-зерттеп-қарау анықтамасынсыз халықтың тұруы бойынша қызметтер көрсету саласындағы объектілер мен ұйымдардың (қонақ үйлер) қызметіне ҚР БМСД № 57 қаулысының талаптарын және толтырылуын 80% – дан аспауын сақтай отырып, демалушылардың 3 күннен астам тұратын жағдайда COVID-19-ға ПТР-зерттеу нәтижесінің алу мерзімі 72 сағаттан кешіктірмей алынған анықтамасы болып, туризм объектілеріне (демалыс үйлері, санаторийлер, курорттар, туристік базалар) рұқсат етілсін»; сондай-ақ мынадай абзацтармен толықтырылсын:

- «әрбір сеанс кезінде «Медеу» мұз айдынының бір мезетте толтырылуы 750 адамнан және «Шымбұлақ» курортына келушілер жобалық көрсеткіштің 30%-ынан аспайтын, тестілік режимде жұмыс істеу кезінде белгіленген шектеу шараларын сақтай отырып, туризм объектілерінің – «Медеу» спорттық-сауықтыру орталығының және «Шымбұлақ» тау-шаңғы курортының жұмыстарын жалғастыру»;

- «Шымбұлақ» тау-шаңғы курортының және «Медеу» спорттық-сауықтыру орталығының қоғамдық тамақтану объектілерінің жұмысын тамақтану залында және ашық ауада толтырылуы отыратын орындардың 50%-дан аспайтын, бірақ ұжымдық іс-шараларды өткізбей, үстелдер арасындағы 2 м. кашықтықты міндетті түрде сақтай отырып, ҚР БМСД № 57 қаулысының талаптарын қатаң сақтай отырып жалғастыру»;

10) 1 - тармақ келесідей редакциядағы 69) тармақшамен толықтырылсын: «індетке қарсы шектеу тәртібі аясында, меншігінде үй-жайлары бар жалға берушілер тыйым салынған қызмет түрлерімен айналысатын заңды тұлғаларға меншіктерін жалға беруге жол бермесін»;

11) 1 - тармақ келесідей редакциядағы 70) тармақшамен толықтырылсын: «Алматы гарнизонының қолбасшылығы барлық әскери бөлімдерде қамтамасыз етсін:

- тапсырылған әскери бөлімшелерде инфекция ошақтарының алдын алуға және оқшаулауға бағытталған коронавирустық инфекция бойынша эпидемияға қарсы және профилактикалық іс-шаралардың уақтылы жүргізілуін бақылау;

- қалалар мен облыстардың аумақтық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау департаменттеріне ҚР ДСМ бірыңғай базасында есепке алу және эпидемияға қарсы және басқа да іс-шараларды ұйымдастыру үшін ҚР өңірлерінде орналасқан бөлімдерде КВИ жұқтырудың әрбір жағдайы бойынша ақпарат ұсыну»;

12) 2 - тармақтың 5.3) тармақшасы жаңа редакцияда жазылсын: «айына 2 рет еселікпен - мемлекеттік органдардың (әкімдіктердің және олардың структуралық бөлімшелерінің, прокуратуралардың, полицияның, Алматы қаласы ТЖД мен аудандық бөлімшелерінің, сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметтің, соттардың, санитариялық-эпидемиологиялық қызметтің, әлеуметтік қорғаудың) мәйітхана, медициналық-сот экспертиза қызметкерлері, волонтерлер *(әкімдіктердің ұсынған тізімдеріне сәйкес)*»;

13) 1 тармақтың 26) тармақшасы ҚР мемлекеттік Бас санитарлық дәрігерінің 2 тарағының 3) тармақшасына сәйкес толықтырылған редакцияда жазылсын: «ойын-сауық мекемелерінің (караоке, бильярд, компьютерлік, түнгі және ойын клубтары, боулинг-орталықтар, балалардың спорттық және ойын алаңдары мен аттракциондары, батуттар, корттар және жабық үй-жайлардағы басқада), сондай-ақ бару арқылы жұмыс істейтін букмекерлік кеңселер мен лотоклубтардың қызметіне тыйым салынсын»;

14) 1 тармақтың 28) тармақшасы ҚР мемлекеттік Бас санитарлық дәрігерінің 2 тарағының 5) тармақшасына сәйкес толықтырылған редакцияда жазылсын: «орналасқан орнына қарамастан, салтанат пен банкет залдарына, фудкорттардың (жеткізу қызметі мен оның уақытын шектемей) жұмысына тыйым салынсын»;

15) 1 - тармақ келесідей редакциядағы 70) тармақшамен толықтырылсын: «коронавирустың белсенді ошақтары бар көпқабатты тұрғын үйлердің подъездерінде профилактикалық дезинфекция қамтамасыз етілсін».

2. Осы қаулы барлық мүдделі ведомстволардың назарына жеткізілсін, тұрғындар бұқаралық ақпарат және әлеуметтік желілер арқылы хабардар етілсін.

3. Қаулы меншік нысанына қарамастан барлық жеке және заңды тұлғалардың орындауы үшін міндетті.

4. Осы қаулының орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

5. Осы қаулы Алматы қаласының санитарлық-эпидемиологиялық бақылау департаментінің сайтында жарияланған күннен бастап 3 күн өткен соң күшіне енеді.

**Алматы қаласының  
Бас мемлекеттік  
санитарлық дәрігері**



**Ж. Бекшин**